



ASTANA
INTERNATIONAL
EXCHANGE

2020

REMS:

ОРТА БИЗНЕСТІ
ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ҮШІН
ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Astana International Exchange (AIX) 2017 жылы «Астана» халықаралық қаржы орталығының аясында құрылды.

AIX миссиясы – жергілікті және шетелдік инвестициялар тарту үшін түсінікті және пайдалы жағдайлар жасау есебінен Қазақстанда және Орталық Азия өңірінде белсенді капитал нарығын дамыту, сонымен қатар жеке бизнестің және жалпы экономиканың өсуін қаржыландыруға арналған платформа құру.

AIX халықаралық инвесторлар үшін түсінікті нормативтік-құқықтық ортада – ағылшын құқығының қағидаттарына негізделген юрисдикцияда жұмыс істейді. Биржа 20-дан аса жергілікті және халықаралық сауда мүшелері кіретін дамыған экожүйенің арқасында инвестицияларға қолжетімділік бар сенімді әрі қауіпсіз сауда инфрақұрылымын ұсынады.

АХҚО, GoldmanSachs, Шанхай қор биржасы, Жібек Жолы Қоры және NASDAQ биржасы AIX акционерлері болып табылады. NASDAQ биржасы сонымен қатар AIX-тің техникалық серіктесі болып табылады және AIX-ке сауда-саттық платформасын ұсынады.

АКЦИОНЕРЛЕР



БРОКЕРЛЕРДІҢ КЕҢ ЖҮЙЕСІ

Жаһандық



Өңірлік

Қытайлық



Қазақстандық



ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУ ҮШІН ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙЛАР

ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУ ҮШІН ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙЛАР

- ☉ Қазақстан мен Орталық Азия кәсіпорындары үшін кең мүмкіндіктер, шетелдік инвесторларға қолжетімділікпен қоса
- ☉ AIX AXQO экожүйесінің эмитенттер мен инвесторлар үшін пайдалы шарттар бар бір бөлігі болып табылады
- ☉ AIX FTSE Frontier Index Series талаптарына сәйкес келетін сауда-саттық алаңы болып танылды

РЕТТЕУ

- ☉ Ағылшын құқығының қағидаттарына негізделген реттеу режимі
- ☉ Тәуекелге бағдарлану қағидаттарымен жұмыс істейтін тәуелсіз және икемді реттеуіш (AFSA)
- ☉ AIX қағидалары Ұлыбританияның Листинг жөніндегі басқармасының (UKLA) және Дубай халықаралық қаржы орталығының (DIFC) үздік іс-тәжірибелерін ескереді

ЭМИТЕНТТЕР МЕН ИНВЕСТИТОРЛАР ҮШІН ПАЙДАЛЫ ШАРТТАР

- ☉ Эмитенттер үшін артықшылықтар: market making пен нарықты/компанияны кәсіби талдауды AIX тарапынан субсидиялау
- ☉ Инвесторлар (жеке және заңды тұлғалар) үшін жеңілдіктер: бағалы қағаздар құнының өсіміне салынатын салықтардан босату, дивидендтер мен купондық төлемдер
- ☉ Заманауи және сенімді post-trade жүйелері

КАПИТАЛ НАРЫҚТАРЫНА ҚАРАПАЙЫМ ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

- ☉ Эмитенттер үшін – (i) AIX-тегі листинг және бағалы қағаздар мойындалған баламалы биржаларда бұрыннан айналымда болған жағдайда, (ii) AIX-тегі крос-листинг бойынша тез және қарапайым процедуралар
- ☉ Брокерлер үшін – AXQO лицензиясын алмай, мойындау процесі арқылы AIX-те сауда жасау

ӨТІМДІЛІК

- ☉ 20-дан аса, оның ішінде 8 халықаралық брокерлік компания
- ☉ Market makers саудаланатын негізгі бағалы қағаздарға тағайындалған

ВАЛЮТА

- ☉ Іс жүзінде кез келген валютада қаржылық құралдар шығару мүмкіндігі
- ☉ Шығарылған қаржылық құралдар номинирленген валютаға байланыссыз, мультивалюталық сауда-саттық және есеп айырысу

ҚАУІПСІЗДІК

- ☉ AIX-тің ISO 27001 және ISO/IEC 27032:2012 ақпараттық қауіпсіздікті және киберқауіпсіздікті басқару халықаралық стандарттарына сәйкестігі

Өңірлік акциялар нарығының сегменті (REMS) Қазақстан мен Орталық Азияның орта бизнес кәсіпорындары акционерлік капитал тартуы үшін құрылған.

Жаңа сегменттің мақсаты – ірі ұлттық компаниялардан капиталдандыру деңгейі төмен немесе ірі және дамыған бизнестерге қарағанда қаржыландыруды қажет етуі айтарлықтай төмен шағын және өсу үстіндегі компанияларға қолдау көрсету. REMS бұл компаниялардың акционерлік капиталды AIX-тегі листинг жолымен негізгі сектормен салыстырғанда анағұрлым икемді шарттар бойынша тартуға мүмкіндік береді.

- ☉ Өңірлік акциялар нарығының сегменті орта бизнес кәсіпорындары мен олардың инвесторларының ерекшелігін жақсырақ ескереді.
- ☉ Қазақстандық кәсіпорындардың капитал тартуы үшін экожүйенің дамуына ықпал етеді.
- ☉ Қарқынды және анағұрлым өтімді нарықты қамтамасыз ету үшін шетелдік және өңірлік инвесторлар тарапынан қызығушылықтың өсуіне ықпал етеді.
- ☉ Әлеуетті эмитенттер үшін әкімшілік ауыртпалықты төмендетеді.
- ☉ Банктік кредиттеу қолжетімсіз болғанда немесе оны тартудың шарттары қанағаттандырмағанда, оның баламасын ұсынады
- ☉ Бұл шығыны азырақ, анағұрлым қарапайым листинг және эмитенттер үшін капитал тарту процедурасы
- ☉ Инвесторлар үшін – бұл инвесторлардың мүдделерін қорғау халықаралық стандарттар мен іс-тәжірибеге сәйкес қамтамасыз етілетін АХҚО юрисдикциясындағы инвестициялар қолайлылығы



Тим Беннетт,
AIX басқармасының төрағасы

«COVID-19 пандемиясы тудырған экономикалық құлдырау бүкіл бизнесте көрінісін табады және шетелдік және отандық инвесторлар тарапынан капитал жұмсау қажеттілігінің өсуіне әкеледі. Осыған байланысты капитал тартудың қарапайым және экономикалық тиімді тәсілдерін іздестірген орта бизнес компанияларының саны артуда. REMS шеңберіндегі листинг қазақстандық бизнеске осындай тәсілді ұсынады. Қазіргі таңда биржаның кәсіпорындарға олардың жұмысын қайта жандандыруды, жұмыс орындарын қалпына келтіруді қолдауға көмектесу және жалпы ел экономикасының өсуіне көмектесу үшін капитал тартуға қабілетті тиімді жұмыс істеуіне барлық жағдайлар жасау Қазақстан үшін бұрын-соңды болмағандай маңызды».



Евгения Богданова,
AIX реттеу және комплаенс жөніндегі директоры

«Жария капитал нарықтарына шығу – бұл оңай процесс емес, ол әлеуетті эмитенттерден үлкен уақыт және қаржы шығындарын талап етеді. Біз REMS талаптарын, бір жағынан, жаңа бастаған эмитенттер үшін бұл сегментті барынша ыңғайлы және түсінікті ету және жария нарыққа шығудың құнын төмендету үшін және, екінші жағынан, инвесторлардың өз шешімдерін қабылдауларына негіз болатын ашылатын ақпарат сапасы зиян шекпейтіндей етіп бейімдеуге тырыстық».

ЛИСТИНГКЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

Талаптар	Стандартты листинг	REMS
Эмитенттің ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны	АҚ немесе акциялар шығаруға мүмкіндік беретін өзге ұйымдастырушылық-құқықтық нысан	
Эмитентті капиталдандыру (100%)	> 1 млн АҚШ доллары	> 1 млн АҚШ доллары және < 1,3 млрд АҚШ доллары ¹
Жария айналымдағы акциялардың нарықтық құны	> 1 млн АҚШ доллары	> 1 млн АҚШ доллары және ≤ 200 млн АҚШ доллары
Ұсыныс мөлшері	> 1 млн АҚШ доллары	> 1 млн АҚШ доллары және ≤ 200 млн АҚШ доллары
Еркін айналымдағы акциялардың көлемі	25%	15%
Рұқсат етілетін бағалы қағаздар	Акциялар және ЖДҚ	Акциялар
Аудиттелген қаржылық есептілік	3 жыл	1 жыл
Өткен кезеңдерде пайданың бар болуы	Талап етіледі	Талап етілмейді
Прспект	Толық	Жеңілдетілген формат (30 бетке дейін)
Корпоративтік басқару	AIFC Market Rules-ке сәйкестік	
Эмитенттің жылдық/жарты жылдық есептерін дайындау	Иә	Иә Бірінші рет беру мерзімі ұзартылған

¹ Жария айналымдағы акциялардың барынша рұқсат етілетін, 100% жарғылық капиталға алмастырылған 200 млн АҚШ доллары (REM2.1) құнын ескере отырып

REMS-те листинг жүзеге асыру үшін АХҚО резиденті болу керек пе?

АХҚО резиденттері де, сол сияқты басқа юрисдикциялардың, соның ішінде басқа елдердің компаниялары да REMS сегментінің эмитенттері бола алады. АХҚО-да инкорпорацияланған эмитенттер үшін аздаған артықшылық бар – мұндай эмитенттер өз акцияларын кез келген валютада номинирлей алады, ал қазақстандық эмитенттер өз акцияларын тек қана теңгемен шығарады.

REMS-ке капиталды қандай валютада тартуға болады?

Теңге, АҚШ доллары, еуро, британдық фунт, юань, рубль және сұраныс бойынша басқа да валюталарда.

REMS шеңберінде компания қанша сома тарта алады?

Акцияларды ұсынудың барынша аз мөлшері - 1 млн. АҚШ доллары, бұл ретте ұсыныс көлемі 200 млн АҚШ долларынан аспауы тиіс. Акциялардың бағасы мен тартылған инвестициялардың сомасы нарықтағы сұраныспен анықталады.

REMS шеңберінде листингтелген компанияларға салық салу өзгере ме?

Инвесторлар (жеке, сонымен қатар заңды тұлғалар да) үшін REMS-те (және жалпы АИХ-те) саудаланатын акцияларды сатудан алынатын барлық кірістер, сонымен қатар дивидендтік төлемдер жеке және корпоративтік табыс салығынан босатылатын болады.

Листингке дайындалу үшін консультация берушіні тарту міндетті ме?

Проспектінің және листингті жүзеге асыру үшін қажет басқа да құжаттардың мазмұны үшін жауапкершілік толығымен эмитентте. Ашылып көрсетілетін ақпараттың сапасы, оның шынайылығы мен өзектілігі инвесторлардың күтулеріне сәйкес келулері тиіс, сондықтан тәуелсіз сарапшылардың консультациялары қажетті және пайдалы болуы және эмитенттің акцияларына инвестициялық сұраныс қалыптастырған кезде елеулі рөл атқаруы мүмкін.

Сауда-саттықтың басталуы үшін market maker керек пе?

Market maker бар болуы жөнінде міндетті талап жоқ. Бірақ сауда-саттық тарихы әлі жоқ және инвесторлардың анағұрлым кең тобына шығу жоспарлары бар эмитентке қаржылық құралдың өтімділігін арттыру, инвестициялық сұранысқа импульс беру және акцияларды шын мәнінде саудаланатындай ету үшін market maker керек болуы мүмкін.

REMS сегментінде компанияның бағалы қағаздарын орналастыру тәуекелі қандай?

Тәуекелдер дәл кез келген IPO кезіндегі сияқты. Табысты болуы компанияның қаншалықты жақсы дайындалғанына, орналастыру уақыты мен шарттары қаншалықты дұрыс таңдалғанына, компанияның саласындағы жағдайдың қолайлы-қолайсыздығына және жалпы нарық конъюнктурасының қандай екендігіне байланысты.

Листингтен кейін корпоративтік басқару қалай өзгереді?

Листингке дайындалу процедурасы басталғанға дейін компания Директорлар кеңесін құру, тәуелсіз директорлар сайлау, аудит комитетін құру туралы ойлануы тиіс.

Компания корпоративтік басқаруға қатысты АХҚО/АИХ талаптарына листингке құжаттарын берген мезетке дейін сәйкес болуы тиіс.

REMS сегментіндегі листинг қанша тұрады?

Мөлшері компанияның капиталдандырылу деңгейіне байланысты. АИХ комиссиялары туралы ақпарат биржаның www.aix.kz сайтында, [үлестік құралдар](#) бөлімінде орналастырылған.

Биржа өкілдері өз бағалаулары мен ұсыныстарын бере ме?

АИХ листингке дайындалу бойынша барлық қажетті консультацияларды ұсынуға әзір. Бірінші кезеңде Markets командасына markets@aix.kz мекенжайы немесе +77172 23 53 679 телефоны бойынша хабарласу қажет.

REMS шеңберіндегі листингке дайындалу кезінде Эмитент назар аударуы қажет кейбір мәселелер:

- Ұсыныс құрылымы мен инвесторлар базасы: қаржылық консультация беруші/андеррайтер (AIX сауда мүшесі) тарту
- Қаржылық есептілік: талап етілетін кезең үшін қаржылық есептіліктің және құзыретті аудиторлық фирма есебінің бар болуын қамтамасыз ету
- Корпоративтік басқару: корпоративтік басқару тәртібін қайта қарау/жақсарту, тәуелсіз директорлар тағайындау және ДК комитеттерін құру
- Директорлардың жауапкершілігін сақтандыру (D&O): эмитенттің қалауы бойынша
- Қолданымдағы қарыздар: жария ұсыныстарды шектейтін шарттар бар болған жағдайда (мысалы, бақылаудың ауысуы) кредит берушілерден келісім алу

ЛИСТИНГ ПРОЦЕДУРАСЫ

- 1 Markets командасының бастапқы консультациясы
- 2 Құжаттар дайындау
<https://www.aix.kz/listings/for-potential-issuers/listing-requirements/>
- 3 Pre-listing келісіміне қол қою
Листинг құнының 50%-ын төлеу
- 4 KYC процеураcынан өту (know your customer)
- 5 Проспектіні және басқа құжаттарды әзірлеу
- 6 Листинг келісіміне қол қою
Комиссияның қалған бөлігін төлеу
- 7 Акцияларды AIX-тің ресми тізіміне қосу
Сауда-саттыққа жіберу

2020 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ТАРИФТЕР

Акциялар

Нарықтық капиталдандыру	<\$50 млн.	\$51 млн. - \$100 млн.	\$101 млн. - \$250 млн.	\$251 млн.- 700 млн.	>\$700 млн.
Листингтік кіру алымы	\$10 000				
Сауда-саттыққа жіберу үшін алым	0,06%	\$50 000	\$75 000	\$100 000	\$200 000
Жыл сайынғы алым	0,02%	\$10 000	\$20 000	\$30 000	\$40 000

БАЙЛАНЫС:

✉ markets@aix.kz

☎ **+7 7172 23 53 679** 🌐 www.aix.kz

🏠 **Мәңгілік Ел 55/19, С 3.4 блогы, Нұр-Сұлтан қ.**